**Жамбыл орта мектебі**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**№ 3 хаттамасы**

28.08.2024ж.

*Қатысқандар:*
*Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелері;*
*мектеп әкімшілігі және сынып жетекшілер пән мұғалімдері*

**Күн тәртібі:**

1.«Метепке жол» акциясына ат салысу . ЖЖБ қору туралы есеп
2., 2024-2025 оқу жығы сабақ кестесі, вариативтік сағаттардың бөлінуі туралы
3. Жаңа оқу жылына аз қамтылған, көп балалы отбасы оқушыларының тізімін қарастыру, тегін ыстық тамақ тізіміне енгізу.

**Тыңдалды**

**Сөйледі:** Мектеп директоры Б. Актаева 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар мен демеушілерден түскен қаржыға, көрсетілген көмекке тоқталып өтті.

Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстырды. Республика бойынша 2024 жылдың 1 тамыз - 31 қыркүйек аралығында Республикалық «Мектепке жол» акциясынан әлеуметтік осал топ отбасынан шыққан оқушыларға жыл сайынғы тұрақты демеушілер АЕК есебінен мектеп формасымен және оқу құрал, қысқы, күзгі киім-кешек, спорттық киіммен қамтылды. Сонымен қатар жалпы оқыту қорынан ауылдық әкімдікке құжаттарын тапсырып отбасының кірісі күнкөріс деңгейіне жетпейтін және МАӘК алатын отбасылардың ата-анасының өтініші бойынша 22 оқушыға 49665 тенгенден ата-анасының есеп счетіне жіберілді. Ата-аналар өз қызметтерін орындап киім -кешек алғаны туралы чектерін әкеп тапсырды.

**Сөз сөйледі:** Оқу ісінің меңгерушісі Темиралина Г.Б

2024-2025 оқу жылы мектепте оқу жоспарына келесі вариатив сағаттары бекітілді:

I. 1-4 бастауыш сатыда элективті курстар есебінен.

Оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру, математикалық сауаттылығын дамыту үшін « Математика және логика», «Математика әлемі», «Қызықты математика» факультатив курсы аптасына 1 сағаттан және 2-ші сыныпта «Көркем жазу» факультатив курсы аптасына 1 сағат енгізілді.

II. 5-9 сыныптарда негізгі сатыда элективті курстар есебінен.

2024-2025 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-9 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілді.

«Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет» 5-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану» аптасына 1 сағат қосымша енгізілді. 5-9 сыныптарда көркем еңбек пәні сабақтары оқушылардың толымдылығына қарамастан ұл және қыз балалар топтарына бөлінеді.

III. 10-11 сыныптарда элективті курстар есебінен.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері 10-11 сыныптарда аптасына 1 сағаттан еңгізілді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 № 412 бұйрығы негізінде , 10 -11 сыныптарда «Эссе жазудың тиімді жолдары» тақырыбында элективті курстар енгізілді, аптасына 1 сағаттан.

Scanned with CamScanner

**Сөз сөйледі**: Оқу ісінің менгерушісі Мустафанова Б.М.

Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру ең алдымен, оқу процесінде жүзеге асырылады. Яғни, мектептерде әр оқу тоқсанында немесе оқудың жартыжылдығында күндер мен апталар бойынша оқу кестесі құрылады. Мектепте оқушылардың сабақ кестесі күн тәртібіне сәйкес болуы қажет, ал оқу процесін ұйымдастыру барысында оқушы денсаулығы барынша ескерілуі тиіс және демалу кезеңімен алмастырып отыру, оқушылардың денсаулығына мол әсер етеді. Оқушының тез шаршауы, үлгірмеуі, берілген тапсырманың кең көлемде болуынан байқалады. Осыған орай сабақ кестесін құру барысында негізгі гигиеналық талаптар ескерілуі тиіс.

Сабақ кестесіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес регламенттеледі. Жалпы білім беретін ұйымдағы сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспауға тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп арттыра отырып, оқу сабақтарының "сатылы" режимі қолданылады. Қыркүйек айында үш сабақ 35 минуттан, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін жоспарланады. Оқу жоспарларына құрастырылған сабақ кестесі 2024 жылдың 1 қыркүйегінде мектеп директорымен бекітілген және ата-аналар кеңесінің төрайымы М.Шәкіртпен келісілген. Сабақ кестесіндегі сағат саны оқу жоспарындағы сағат санына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі «Күнделік» жүйесіндегі сабақ кестесінің сағат саны оқу жоспарындағы сағат санына сәйкес келеді.

**Сөйледі:** Әлеуметтік педагог Улжан Аскер мектептегі аз қамтылған, көпбалалы, жартылай жетім отбасынан шыққан, сонымен қатар мектебіміздегі инкюзиті білім беру бойынша 1оқушы Жумабекова Жанельді, барлығы 22 оқушының ата-анасы құжаттарын тапсырып өтініштерін жазды.

Осы бойынша ЖБББ қорынан әлеуметтік жағдайы ескерілген төмендегі оқушылардың бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтуға ұсынылып отыр.

| р/с | Оқушының аты-жөні | с/п | Әеуметтік мәртебесі | санаты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Хусман Айназым | 1 | МАӘК алатын отбасы | I |
| 2 | Даулетбек Арман | 1 | Алқалы басқару орган шешімі бойынша | Ү |
| 3 | Бекен Нуртилеу | 2 | МАӘК алатын отбасы | I |
| 4 | Хусман Ақұлпа | 3 | МАӘК алатын отбасы | I |
| 5 | Серікболқызы Ықылас | 1 | мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасы | II |
| 6 | Серікболқызы Аружан | 4 | мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасы | II |
| 7 | Даулетбекқызы Аймөлдір | 4 | Алқалы басқару орган шешшімі бойынша | Ү |
| 8 | Шайнбек Мейрбан | 5 | мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасы | II |

Scanned with CamScanner